

1-БЛОК: Технология (қыз балаларға арналған)

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Үтікпен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік ережесі
 - A) су сеуіп суыту
 - B) үтіктің суығанын күту
 - C) табанымен жатқызып қою
 - D) далаға қойып суыту
 - E) жұмыс соңында электр желісінен ажырату
2. Лавсан матасын үтіктеу кезіндегі максималды температура
 - A) 120⁰ C
 - B) 150⁰ C
 - C) 110⁰ C
 - D) 140⁰ C
 - E) 170⁰ C
3. Қайнап жатқан қазанның қақпағын ашу тәртібі
 - A) жоғары қарай
 - B) өзіңе қарай
 - C) солға қарай
 - D) оңға қарай
 - E) өзіңнен ары
4. Тез бұзылатын азық-түлікті сақтау әдісі
 - A) бетін ашық ұстау
 - B) шкафқа салу
 - C) тартпаға салу
 - D) столға қою
 - E) тоңазытқышта ұстау
5. «Жартылай мықын айналымы» өлшемі нені анықтайды
 - A) белбеу ұзындығын
 - B) бұйым ұзындығын
 - C) бұйым енін
 - D) жең енін
 - E) бұйымның мөлшерін

6. Электр қуатымен жұмыс жасайтын аспаптарды электр желісінен ажырату тәртібі

- A) шүберекпен ұстап
- B) қолғаппен
- C) резеңке қолғаппен
- D) су қолмен
- E) құрғақ қолмен

7. Бұйымды түпкілікті өңдеуге не жатады

- A) торлау, өңдеу, үтіктеу
- B) тегістеу, фурнитураны бекіту
- C) әдіптеу, торлау, фурнитураны бекіту
- D) ілмекті торлау, бұйымды тазалау, фурнитураны бекіту
- E) ылғалды-жылулық өңдеу

8. Бөлек-бөлек қысқа талшықтардан тұтас жіп (иірімжіп) алу процесі

- A) тоқу
- B) иіру
- C) түту
- D) тарау
- E) өңдеу

9. Бойлық жіпті созғанда

- A) сетінейді
- B) үзіледі
- C) отырады
- D) ұзындығын сақтайды
- E) ұзындығын өзгертеді

10. Бөлшекке көлемді пішін беретін бұйымдағы сырылған жер

- A) қосымша
- B) бүкпе
- C) қиық
- D) қатар
- E) ақау

11. Тігін машинасының әкесі

- A) Ален Уилсон
- B) Леонардо да Винчи
- C) Исаак Зингер
- D) Элиос Хоу
- E) Уолтер Хант

12. ХХІ ғасырда пайда болған машина

- A) күнмен жұмыс жасайтын машина
- B) тоқ машина
- C) электорлы машина
- D) компьютер – машина
- E) сумен жұмыс жасайтын машина

13. Машинаның тігіс платформасында тігуге болатын бұйымдарды торлауға арналған қондырғы

- A) торлау қондырғысы
- B) бедерлі тігімге арналған табан
- C) ажыратқыш табан
- D) сызғышты табан
- E) тіккіш табан

14. Жіпті босатып немесе қатты тартып реттейтін бөлшек

- A) серіппе
- B) ұстатқыш шеге
- C) бұрандалық
- D) реттеуіш
- E) қалпақ

15. Тігін машинасының үйкелісін азайтып, жеңіл, шусыз жұмыс жасауы үшін қолданылады

- A) жануар майы, майсауыт, щетка
- B) арнайы машина майы, өсімдік майы, щетка
- C) өсімдік майы , щетка, майсауыт
- D) сары май, щетка, майсауыт
- E) арнайы машина майы, майсауыт, щетка

16. Матаға белгілі бір суретті бейнелейтін түрлі түсті материал қиындыларын тігу жолымен құрастырылған өрнек

- A) желімдеу
- B) кестелеу
- C) құрастыру
- D) аппликация
- E) жамау

17. Жоғарғы жіптің керілуінің реттегіші

- A) сомын (гайка)
- B) бұрандама
- C) керу серіппесі
- D) керілу
- E) қақпаша корпусы

18. Тұрмыстық тігін машиналарының көбінесе бір-бірімен нелері ортақ болып келеді

- A) сыртқы көрінісі, реттеуі
- B) құрылғысы, реттеуі, пайдалану ережелері
- C) техникалық мүмкіндігі, құрылғысы
- D) құрылымы, техникалық мүмкіндігі
- E) құрылғысы, сыртқы көрінісі

19. Тігім

- A) матаның шетінен тігіске дейінгі ара қашықтығы
- B) бөлшектердің біріккен орны
- C) уақытша біріктіріп тұратын тігіс
- D) жіптердің айқасуы арқылы орындалатын процесс
- E) бірнеше рет қайталанған инешаншым орны

20. Сұққы, ойық, бұрама, корпус, серіппе, ысырма

- A) шарықты қалпақшаның құрылысы
- B) шектеулі сызғышты табан құрылысы
- C) бүрме жасауға арналған табан
- D) иненің құрылысы
- E) бағыттаушы сызғышты табан құрылысы

21. Қазіргі заман тігін машинасының жобасын ұсынды

- A) К.Вайзенталь
- B) Леонардо да Винчи
- C) И.Зингер
- D) Э. Хоу
- E) Д.Пири

22. Жартылай жазылатын өлшемдер

- A) Кб
- B) Ие
- C) Жма
- D) Бұ
- E) Жұ

23. Мойын ойындысының түрлері

- A) бүкпе
- B) тік
- C) тұтас пішілген
- D) дөңгелек
- E) реглан

24. Тапсырыс берушінің фигура ерекшелігін, матаның түстік үйлесімділігін, қима сызығын, силуетін ескереді

- A) суретші-конструктор
- B) тігінші
- C) пішуші
- D) технолог
- E) суретші-модельер

25. Ерекше пішінді және силуэтті, бөлшектері әшекейлі, күрделі пішімді, сәнді өңделуімен және әшекейлерінің молдығымен ерекшеленетін стиль түрі

- A) этникалық стиль
- B) фантазия стилі
- C) спорттық стиль
- D) классикалық стиль
- E) фольклорлық стиль

26. Бұйымдардың негізгі бөлшектерінің сызбаларын қағазға не үшін түсіреді

- A) үлгілерін алу үшін
- B) әшекейлеу үшін
- C) эскиз салу үшін
- D) өрнектеу үшін
- E) модельдеу үшін

27. «Жартылай бел айналымының» әріптік таңбасын анықтаңыз

- A) Жұ
- B) АрБұ
- C) ЖМа
- D) Бұ
- E) ЖБа

28. Қолдың ең жіңішке тұсын анықтайтын өлшем

- A) жең ұзындығы
- B) білезік айналымы
- C) иық айналымы
- D) иық ені
- E) шынтақ ұзындығы

29. Бөлшек қиығынан тігімге дейінгі аралық

- A) тігіс ұзындығы
- B) тігіс ені
- C) тігіс
- D) инешаншымдар ұзындығы
- E) тігім

30. Тiгiстi екi жаққа жатқыза үтiктеп, сол қалпында қалдыру үшiн қолданылатын термин

- A) әрлеп үтiктеу
- B) жатқыза үтiктеу
- C) бастыра үтiктеу
- D) декатирлеу
- E) айыра үтiктеу

31. Дымқыл – жылулықпен өндеу процесi

- A) үтiктеу, басу, кесу
- B) кептiру, жылыту
- C) үтiктеу, кесу, жылыту
- D) үтiктеу, басу, булау
- E) үтiктеу, жылыту, булау

32. Құрылымы күрделi трикотаж маталарды үтiктеу әдiсi

- A) матаның терiс жағынан
- B) матаның бетiнен
- C) ылғалды дәкемен
- D) астына мата салу
- E) жатқыза үтiктеу

33. Бұйымды әшекейлеу және киiм киген кезде қолайлы болу үшiн қолданатын көмекшi құрал

- A) таспалар
- B) терi қиындылары
- C) фурнитура
- D) моншақтар
- E) түймелер

34. Тұлға өлшемдерi..... топқа ажыратылады

- A) 5
- B) 6
- C) 4
- D) 2
- E) 3

35. Енi 90см материалдан иық бұйымдарын тiгу үшiн қажеттi формула

- A) $B_ұ + Ж_е + 15 - 20$
- B) $B_ұ + Ж_{Мойа} + 20$
- C) $B_ұ \cdot 2 + Ж_ұ + 15 - 20$
- D) $B_ұ + Ж_ұ + 15 - 20$
- E) $Ж_ұ + B_ұ \cdot 2 - 20$

36. Бөлшектің негізгі пішімін жасайтын және бұйым бөлшектерін қосатын сызық қалай аталады

- A) жәй сызықтар
- B) конструкциялық сызықтар
- C) бүкпе сызықтар
- D) іркісінді сызықтар
- E) техникалық сызықтар

37. «Адам - көркем бейне» типіндегі мамандық атауы

- A) жүргізуші
- B) сатушы
- C) тәрбиеші
- D) дизайнер
- E) ұшқыш

38. Мамандықты қандай қасиеттерге сүйене отырып таңдау керек

- A) кәсіптің қажеттілігіне
- B) өзіңнің мүмкіндігіне
- C) технологиялық жағынан сәйкес келуі, жұмысты алып жүре алатын қабілетінің болуы
- D) біреудің кеңесімен
- E) кәсіптің тұрақтылығына

39. Лаборант-экологтың міндеті

- A) су, жер, ауаны зерттеу
- B) тірі ағзаның жағдайын жақсарту
- C) жер өнімін жоспарлау
- D) өсімдіктердің жаңа сортын шығару
- E) сүт, ет өнімдерін сараптамадан өткізу

40. Азаматтар мен олардың бірлестіктерінің пайда немесе өзіндік табыс алуға бағытталған бастамашылық дербес қызыметі қалай аталады

- A) аспаздық
- B) егіншілік
- C) кәсіпкерлік
- D) мамандық
- E) саудагер

41. Жеңіл өнеркәсіп сферасындығы мамандықтар

- A) сарапшы, есепші, технолог
- B) модельер, тігінші, сатушы
- C) сатушы, мұғалім, сәнгер
- D) кәсіпкер, менеджер, технолог
- E) пішуші, модельер, тігінші

42. Сауда қызметін ұйымдастыру мен басқару жүйесі

- A) бәсекелестік
- B) маркетинг
- C) менеджмент
- D) жоспарлау
- E) кәсіпкер

43. Менеджмент жүйесінің қызметтері

- A) серіктестік құру
- B) несие алу
- C) несие қайтару
- D) жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау
- E) кепілдік беру

44. Алдағы табыстар мен шығындарды салыстыратын елдің қаржылық жоспары немесе табыстарды жинау және алынған қаражаттарды үкімет шығындарының орнын толтыруға пайдалану жоспары

- A) мемлекеттік қаржы
- B) мемлекеттік бюджет
- C) сұраныс
- D) отбасылық бюджет
- E) салық

45. Шығарылған тауарды шикізат сатып алуға, ғимаратты, көлікті жалға алу үшін жұмсалатын қаржы

- A) тауар
- B) еңбекақы
- C) шығын
- D) ақша
- E) құны

46. Тікелей тауарға немесе осы тауарларды өндіруге жұмсалған еңбектен тұратын шығын

- A) жиынтық шығын
- B) өзіндік құн
- C) құн калькуляциясы
- D) тікелей шығын
- E) жанама салық

47. Рыноктық экономика жағдайында жұмыс істейтін кәсіпорынды басқарудың жаңа жүйелі қызметі

- A) кәсіпкер
- B) менеджмент
- C) өзін-өзі басқару
- D) ашық акционерлік қоғам
- E) маркетинг

48. Тауар өндіру және қызмет көрсету түрлері бойынша табыс табу мақсатымен тәуекелге баратын адамның өзіндік іс-әрекеті мен қызмет түрі қалай аталады

- A) кәсіпкерлік қызмет
- B) тұрмыстық қызмет
- C) шаруашылық қызмет
- D) үй қызметі
- E) мемлекеттік қызмет

49. Пішу автоматтарында вакуумдық қондырғылардың атқару қызметі

- A) маталарды ретейді
- B) маталарды қиады
- C) маталарды қозғайды
- D) матаны ауыстырып тұрады
- E) матаны жылжытпай ұстап тұрады

50. Ақпаратты сақтап, кез келген компьютерге тасымалдау үшін қолданылатын құрал

- A) процессор
- B) сканер
- C) принтер
- D) монитор
- E) флешка

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

51. Ауыл шаруашылығына арналған алқаптардағы топырақтың ылғалдылығын, қышқылдығын, танаптағы жылу мөлшерін өзгерту арқылы жер сапасын көтерудің әр түрлі шаралар жүйесі

- A) Егістікті суару әдісі
- B) Ылғалы өте көп саздау жерлерді құрғату
- C) Көнді сапалы сақтау
- D) Шабындық жерлер мен жайылымдардың өнімін көбейту тәсілдерін пайдалану
- E) Ауыспалы егістің маңызы
- F) Алқапты қорғайтын ағаштар отырғызу
- G) Ылғал жетіспейтін жерлерді суару
- H) Топырақты эрозиядан қорғау

52. Өсімдіктерді зиянкес жәндіктер мен аурулардан қорғау әдістері

- A) Биологиялы
- B) Тұқымдықтар
- C) Вегетативті
- D) Физикалық
- E) Агротехникалы
- F) Химиялық
- G) Механикалы
- H) Технологиялы

53. Көмірсутегі көбірек кездесетін жарманың түрін анықтаңыз

- A) Тары
- B) Геркулес
- C) Күріш
- D) Қарақұмық
- E) Сұлы
- F) Бұршақ
- G) Арпа

54. Бір немесе бірнеше көкөніс түрлерінен дайындалып, майонезбен, тұздықпен қатталатын салқын тағам түрін белгілеңіз

- A) Құрама салат
- B) Қазы-қарта
- C) Рагу
- D) Кәуап
- E) Жай салат
- F) Гуляш

55. Мақта.....талшыққа жатады

- A) химиялық
- B) синтетикалық
- C) өсімдік тектес, жасанды
- D) өсімдік тектес, табиғи
- E) жасанды
- F) табиғи

56. Химиялық талшықтардан иірілген жіпті бірнеше кезеңнен тұратын күрделі технология бойынша алу

- A) иіру ертіндісін алу
- B) талшықтан жіп шығару процесі
- C) талшықтарды қалыптау
- D) матану алу процесі
- E) талшықтардан жіп жасау
- F) талшықтардың жұмырлығы
- G) талшықтардың құрамы
- H) талшықтарды өңдеу

57. Кесте тігіушінің негізгі құралы

- A) жіп
- B) станок
- C) кергіш
- D) сызғыш
- E) қайшы
- F) калька

58. Гүлшоқ жасау кезінде жапон шеберлері қолданатын ережелері

- A) Икебанадағы бар элементтер бір-бірін қайталамай орналасып, үшбұрышқа ұқсас келеді әрі элементтер бір жазықтықта болмауы керек
- B) Өсімдіктің табиғи халі
- C) Гүлшоқ жасау кезінде ыдыс пайдаланатын материалмен сәйкес бір түсті болуы керек
- D) Гүлшоқтың үш негізгі элементтерінің пропорциясы ыдыстың көлемі - оның диаметрі және биіктігімен айқындалады
- E) Әсемдікті ерекшелеу
- F) Өсімдіктің жобасы мен пішіні
- G) Өсімдіктерден күрделі композиция құрау
- H) Гүлді композиция жасау

59. Қазіргі заманғы пәтерлерді жарықтандыруды шешудің жолдарының түрлері қандай болады

- A) жалпы, жергілікті
- B) жалпы, қосымша
- C) бағытталған, жалпы
- D) қосымша, шашыраңқы
- E) қосымша, жалпы
- F) жергілікті, бағытталған

60. Интерьер тұрғын үйдің жасауына ұлттық нақыш беруге, тұрғын үйдің жалпы ерекшеліктеріне жекеше стиль енгізуге мүмкіндік береді

- A) Біртұтас кеңістік әсері
- B) Жасанды жарықтандыру құралдары
- C) Жиһаз стилі, оны көркемдеп безендіру
- D) Функционалдық аумақ
- E) Әшекейлік сәндік заттар
- F) Жиһаздарды орналастыру
- G) Тұрмыстық электр құралдары
- H) Пәтерді жобалау

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Киімнің табиғи немесе жасанды талшықтардан жасалынған маталардан тігілгенің білу қиынға соғады. Заманауи мата өндірісі жіптердің қай түрінен болмасын мата өндіре алады. Лабораторияларда әртүрлі мата талшықтарынан тәжірибелер жасалады. Өндірістің бірінші кезектегі негізгі қасиеттеріне үйкелуге төзімділігі, мықтылығы, химиялық төзімділігі, көлемі, салмағы жатады.

61. Зығырдың түрлері

- A) салалы, күңгірт, бұйра
- B) салалы, тік, бұйра
- C) ақ, жабайы, бұйра
- D) салалы, жабайы, ақ
- E) салалы, жабайы, бұйра

62. Лавсан талшықтары мен табиғи талшықтар қосындысынан шығарылатын мата

- A) трикотаж
- B) фланель
- C) драп
- D) акрил
- E) сәтен

63. Жүн мата атаулары

- A) мауыт
- B) бархыт
- C) креп-жоржет
- D) крепдешин
- E) шифон

64. Жасанды талшықтардан алынған маталар

- A) вискоза
- B) капрон
- C) лавсан
- D) дедерон
- E) нейлон

65. Жібек мата атаулары

- A) кашемир
- B) крепдешин
- C) трико
- D) мауыт
- E) драп

Мәнмәтіндік тапсырмалар

2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Тігін тігетін бір өндіріс орны әскери форма тігуге мемлекеттік тапсырыс алды. Бірақ келесі жылы мемлекеттік тапсырыс болмайтыны анықталды. Бұл өндіріс орнына жабылып қалу қауіпі төніп тұр. Осыған байланысты өндіріс орының басшылығы қазақ халқының ұлттық киімін тігуге шешім қабылдайды.

66. Шұға, мауыты тәрізді матадан тігіліп, астары мен екі араға жұқалап жүн, мақта салынып, сырылатын, киіп жүруге жеңіл тыс киім, келте шапан

- A) Көк тон
- B) Ішік
- C) Шекпен
- D) Бас тон
- E) Бешпент

67. Қаракөл терісінен тігілген бөрік

- A) Құндыз бөрік
- B) Сусар бөрік
- C) Елтірі бөрік
- D) Пұшақ бөрік
- E) Қама бөрік

68. Негізгі материалы-киіз болып табылатын ерлердің дәстүрлі бас киімі

- A) Бөрік
- B) Мұрақ
- C) Қалпақ
- D) Күндік
- E) Тақия

69. Киіз негізіндегі, барқытпен қапталып, алтын жіппен кестеленіп тігілген ерлердің биік қалпағы

- A) Мұрақ
- B) Тақия
- C) Бөрік
- D) Тымақ
- E) Қалпақ

70. Белі бөлек пішіліп, екі-үш қатар желбіршек салып тігілген белі қынамалы жеңіл көйлек

- A) Бешпент
- B) Іш көйлек
- C) Жейде
- D) Желбезек
- E) Қосетек

1-БЛОК бойынша тест аяқталды.